

Болашағы бар мамандықтар

Соңғы жылдары әлемде, ақпараттарды өңдеуде микропроцессорлық көп функционалды құралдарына негізделген компьютерлік, ақпараттық технологиялардың, телекоммуникациялық құрылғылардың және автоматтандыру жүйелерінің бұрын болмаған даму қарқыны байқалуда.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өндірістік үрдістерді автоматтандыру инженерлерін, ақпаратты компьютерлік өңдеу инженерлерін, яғни микропроцессорлық және компьютерлік технологиялар аумағында кең профильдік мамандарды дайындауда мардымды тәжірибе қалыптастырады. Аталған мамандарды дайындау М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар және автоматтандырылған жүйелер» факультетінің кафедраларында жүзеге асырылады.

«Автоматтандыру, телекоммуникация және басқару» кафедрасының (меңгерушісі Исмаилов Серік Өмірбайұлы) мамандарды даярлауда 45 жылдан астам тарихы бар. Бүгінгі таңда кафедра 5В070200 – Автоматтандыру және басқару, 5В071900 – Радиотехника, электроника және

телекоммуникациялар мамандықтары бойынша мамандарды даярлайды.

Аталған мамандықтар бойынша оқитын студенттер электроника, өлшеу, есептеу және микропроцессорлық техника, бағдарламалау, дербес және өнеркәсіптік компьютерлерінде ақпаратты автоматтандырылған өңдеу аумағында терең білімдер алады. Сонымен қатар, жасанды интеллект, робототехника және басқару жүйелері, автоматтандырылған жобалау жүйелері, техникалық кибернетика, автоматика және байланыс жүйелері мен элементтерін өзірлеу және жобалау бойынша түбегейлі дайындық өтеді. Радиоэлектроника, радиотехника, жерсеріктік және ұтқыр байланыс бойынша жетілген және үнемі өзгерістегі нарық сұранысына бейімделетін теориялық негіз және кең көзқарас қалыптастырады.

Алған білімдер негізінде бітірушілер озық ақпараттық технология, компьютерлік және өлшеу техникасы, бағдарламалау, автоматтандыру, электронды және радиотехника, телекоммуникациялық байланыс жүйелері қолданысын табатын барлық мемлекеттік ұйымдарда, коммерциялық құрылымдарда, шағын және үлкен кәсіпорындарда жұмыс істей алады.

Кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамымен Қазақстанда, жақын және алыс шет елдерде кең көлемде ғылыми және оқу-әдістемелік



еңбектер, оқу құралдары, монографиялар жарияланған.

2010 жылы кафедра 5В070200 – Автоматтандыру және басқару мамандығының бакалавр және магистрлік оқу бағдарламасы бойынша халықаралық аккредитациядан өтті және 2011 жылдан бастап бітірушілер «Евробакалавр» және «Евроинженер» дипломын алады.

Қазақстан экономикасының болашағы – өмбебап басқару жүйелері, микропроцессорлық және компьютерлік

техника, заманауи ақпараттық және нанотехнологиялар, озық телекоммуникациялық құрылымдар және индустриалды-инновациялық технологиялар негізінде көп салалық автоматтандырылған өндірістік жүйелерді дамыту.

Доцент т.ғ.к.
ИСМАИЛОВ С.У.,
кафедра аға оқытушылары
ТУРГЕНБАЕВ Д.Н.,
УТЕБАЕВ Е.М.